

"Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі № 3/611 қаулысы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдарына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес "Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес өткізу актісі.

2. "Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) Алматы қаласының әділет органдарында коммуналдық мемлекеттік мекемені мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының 3 қосымшасына 3 сәйкес Алматы қаласы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Д. Сатыбалды

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы "___" _____ № ____

—
қаулысына 1 қосымша

"Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік мекеме) Алматы қаласының экономикалық саясаты,

мемлекеттік, бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан қатысады.

5. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған өкілеттік берілген жағдайда, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастарда тарап ретінде әрекет етуге құқылы.

6. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да ресімделген актілермен шешім қабылдайды.

7. Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4.

9. Осы ереже Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

12. Мемлекеттік мекеменің міндеттері:

1) жұртшылық пен бизнестің қатысуымен бағдарламалық құжаттарды әзірлей отырып, қаланы дамытудың стратегиялық көзқарасын қалыптастыру;

2) жергілікті деңгейде экономикалық саясатты іске асыру;

3) қала дамуының стратегиялық мақсаттарына және бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес теңгерімді бюджетті қалыптастыру;

4) бюджеттік шығыстардың, инвестициялардың және мемлекеттік-жекешілік әріптестік жобаларының тиімділігін арттыру;

5) қаланың жергілікті мемлекеттік басқаруының оңтайлы құрылымын қалыптастыру және жобалық басқаруды енгізу.

13. Мемлекеттік мекеменің өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

Мемлекеттік мекеменің құзыретіне байланысты мәселелер бойынша Алматы қаласының әкіміне ұсыныстар енгізу;

Алматы қаласының барлық мемлекеттік органдарынан қажетті ақпаратты сұрау және алу;

Мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша барлық мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;

Мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Алматы қаласы әкімдігі қаулыларының, әкім шешімдері мен өкімдерінің және мәслихат шешімдерінің жобаларын белгіленген тәртіппен енгізу;

орталық және жергілікті атқарушы органдарға өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа талап-арызбен жүгіну;

басқа мемлекеттік органдар сұратқан ақпаратты Мемлекеттік мекеменің құзыреті шегінде ұсыну;

Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастыратын жұмыс топтарының құрамына кіру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

2) Міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында алынған коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

Мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

14. Мемлекеттік мекеменің функциялары:

1) қаланың стратегиялық дамуы және экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлау құжаттарын әзірлеу, өзектендіру және олардың орындалуын мониторингтеу;

3) өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі міндеттерге сәйкес Инвестициялық жоспарды қоса алғанда, Алматы қаласын дамыту жоспарының жобасын әзірлеу және оған өзгерістер енгізу;

4) Даму жоспарының іске асырылуын мониторингтеу және оны кейін Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-порталында орналастыру;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауларын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарлардың және Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалуын мониторингтеу;

6) халықаралық тәжірибені талдау және зерттеу, Алматы қаласын дамыту міндеттерін іске асыру барысында оны табысты бейімдеу жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

7) экономикалық ынтымақтастық, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен және рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;

8) мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

9) Алматы қаласының экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне басшылық жасау және үйлестіру;

10) экономикалық саясат шараларының қаланың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсерін бағалау;

11) Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;

12) қала бюджетінің негізгі параметрлерін айқындау;

13) әлеуметтік-экономикалық даму параметрлерін ескере отырып, бюджет кірістерін болжау әдістемесі, бюджеттің атқарылуын талдау және уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынатын мәліметтер негізінде бірыңғай бюджеттік санаттарының, және кіші санаттары бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжау;

14) Алматы қаласының ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайын, даму үрдістері мен перспективаларын талдау;

15) тиісті жергілікті бюджеттік комиссияның ұсынысы бойынша шығыстарға стратегиялық, бюджеттік және инвестициялық шолу жүргізу;

16) қала дамуының әлеуметтік-экономикалық параметрлері және даму жоспары негізінде бюджет шығыстарын жоспарлау;

17) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстар лимиттерін айқындау және оларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жеткізу;

18) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұрауларын қарау, оларды лимиттерге және Бюджет кодексінің талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізу, тиісті қорытынды қалыптастыру;

19) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұрауларына бюджеттік комиссияның қарауына қорытындылар шығару және тиісті бюджеттік комиссияның олар бойынша ұсыныстар әзірлеуі және қажет болған жағдайда пысықтауы;

20) тиісті бюджеттік комиссияның ұсыныстары негізінде бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы жиынтық жинақталған ақпаратты қалыптастыру;

21) Алматы қаласы бюджетінің жобасын тиісті кезеңге әзірлеу және оны тексеру комиссиясына, қалалық мәслихатқа енгізу;

22) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттарын түпкілікті нәтижелерді дұрыс таңдау және түпкілікті нәтижелерді қаланы дамыту жоспарының нысаналы индикаторларымен өзара байланыстыру тұрғысынан қарау және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде нысаналы индикаторлардың тізбесін және бюджеттік бағдарламалар паспорттарының түпкілікті нәтижелерін қалыптастыру және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің паспорттарына қорытынды жасау;

23) қаланың нақтыланған бюджеті жобасын қалыптастыру және оны бюджет комиссиясының қарауына енгізу, қалалық мәслихаттың бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәслихат шешімі жобасын ұсыну;

24) қала бюджетінің секвестрін және түзетуін жүргізу;

25) жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу жөніндегі үлгілік әдістеме негізінде қала бюджетінің кірістері мен шығыстарының болжамды көлемін есептеу;

26) бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және бюджет бағдарламаларының әкімшілерінің бюджетті атқару жөніндегі қызметін үйлестіру;

27) қала бюджеті туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы қала әкімдігі қаулысының жобасын дайындау;

28) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, қала бюджетінің түсімдері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және жүргізу;

29) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша айлық көлемдерге, жиынтық түсімдер жоспарына, міндеттемелер және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу;

30) қолма-қол ақша ағынының болжамын жасау және бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша қозғалысының мониторингін жүргізу арқылы өтімділікті басқару;

31) бюджеттің түсімдерінің орындалмау себептерін, міндеттемелердің уақытылы қабылданбауын, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақытылы жүргізілмеуін айқындау мақсатында бюджеттік мониторинг жүргізу, түсімдер мен шығыстардың орындалуына болжамдар жасау, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау;

32) қала бюджетінің атқарылуы туралы ай сайынғы және жылдық есепті құрастыру, ұсыну және интернет-ресурсқа орналастыру;

33) жергілікті атқарушы органның борыш лимиті шегінде бюджетке борыштық жүктеменің өсуін шектеу мақсатында борыштық міндеттемелерді басқару, дефолттарға жол бермеу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелерді басқару тиімділігі;

34) қарыз қаражаттарын тартудың қажеттілігі туралы шешім қабылдау, тарту тәртібі мен шарттарын айқындау, тарту, пайдалану, өтеу және қарызға қызмет көрсету шарттарын келісу, келіссөздер жүргізу, міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету және кепілдіктер беру, қарыз бойынша тиісті құжаттарды ресімдеу және қол қою, оның ішінде тараптарының міндеттемелерді орындауын есепке алу, бақылау және талдау рәсімдерін қоса алғанда осылар арқылы қарыз алуды жүзеге асыру;

35) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару;

36) қарызды өтеу және оған қызмет көрсету, қарыздарды қайта құрылымдауды келісу, қарызды қалыптастыру, өзгерту және оған қызмет көрсету процесін есепке алу, талдау және бақылау арқылы мониторинг жүргізу, дефолттарға жол бермеу;

37) бюджеттік кредит беру туралы шешім қабылдау және бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне арналған бюджеттік кредиттеу шарттарын бекіту;

38) қала бюджетін жоспарлау және оны атқару процесінде азаматтық бюджетті қалыптастыру және жариялау;

39) Алматы қаласының жергілікті бюджеттік комиссиясының жұмыс органы функцияларын орындау;

40) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру бойынша саларалық үйлестіруді және әдіснамалық қолдауды жүзеге асыру;

41) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік инвестициялық жобалары бойынша инвестициялық ұсыныстарға экономикалық қорытындылар дайындау;

42) жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамалары негізінде бюджеттік инвестицияларға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына экономикалық қорытындылар дайындау;

43) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін қалалық бюджеттік комиссияның қарауына енгізу;

44) қала бюджеті қаражаты есебінен бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау;

45) бюджеттік инвестициялық жобалардың құнының өзгеруі мәселелерін қарауға арналған құжаттар топтамасын қарап, оларға қатысты қорытындыларды қалалық бюджеттік комиссияның қарауына енгізу;

46) бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультативтік сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің тізбесін қалыптастыру немесе түзету және қажетті сараптамаларды жүргізу, бұл қызметтерді тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражаты есебінен қаржыландыру;

47) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін әзірлеу және жариялау;

48) кейіннен оларға бағалау жүргізу үшін жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобалардың орындалуын және бюджеттік кредит беруді мониторингтеу;

49) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары және "толық аяқталған" құрылыс бойынша мемлекеттік міндеттемелердің орындалуына мониторинг;

50) мемлекеттік инвестициялық жоба құжаттамасын экономикалық сараптауға, бюджеттік кредит берудің іске асырылуын, жергілікті мемлекеттік инвестициялық жобалардың орындалуын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының құжаттамасын мониторингтеу және бағалау үшін жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаны тарту;

51) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бекітілетін қаланың қарыз лимитін айқындау және келісу;

52) Алматы қаласы әкімдігімен қарыз алу тетіктерін айқындау, оның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарынан тұрақты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде "жасыл" жобаларды қаржыландыру үшін қарыз алу;

53) бюджет жобасына енгізу үшін заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жоспарланатын бюджеттік инвестициялық жобаларды және бюджеттік инвестицияларды іріктеуді жүзеге асыру;

54) жобалық басқаруды іске асыруды үйлестіру және Алматы қаласы әкімдігінің Жобалық кеңсесінің қызметін қаржылық қамтамасыз ету;

55) Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдары қызметінің функционалдық талдауын жүргізу;

56) Алматы қаласы мәслихатының кейіннен бекітуі үшін Алматы қаласын басқару схемасының жобасын әзірлеу және келісу;

57) мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік органдардың, Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін техникалық қызмет көрсететін адамдардың штат санының лимитін бекіту туралы Алматы қаласы әкімдігінің қаулысының жобасын әзірлеу және келісу;

58) Алматы қаласы әкімінің Алматы қаласының атқарушы органдарының штат кестелерін бекіту туралы өкімінің жобасын әзірлеу және келісу;

59) басқарудың құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру, жүргізу және жетілдіру;

60) басқаруда ақпараттық ресурстар жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

61) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік сатып алу бойынша есептілікті жасау және басқарманың мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу;

62) бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыруды қамтамасыз ету, басқарма әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламалардың қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру, бекіту және орындау;

63) басқарманың мүлкін түгендеу жүргізу арқылы оның сақталуын бақылау, сондай-ақ оларды есептен шығару және/немесе беру үшін құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ресімдеу;

64) Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің қызметінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

65) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, петицияларын қарау;

66) өтініштерді талдау және өтініш берушілер көтерген жүйелі мәселелерді айқындау;

67) Алматы қаласының әкімі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік мекемеге жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

15. Мемлекеттік мекемеге басшылықты Мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

17. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

2) қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте өзінің орынбасарларын, Мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте Мемлекеттік мекеме қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) өз құзыреті шегінде Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады;

5) белгіленген еңбекақы төлеу қоры және жұмыскерлер саны шегінде Мемлекеттік мекеменің штат кестесін және шығыстар сметасын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке иелік етеді;

8) Алматы қаласы әкімдігінің қарауына Мемлекеттік мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар, қаулылар, шешімдер мен өкімдердің жобаларын енгізеді;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте азаматтарды қабылдауды жүргізеді, олардың жазбаша өтініштерін қарайды;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

18. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

19. Мемлекеттік мекеменің қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы "___" _____
№ _____ қаулысына
2 қосымша

Өткізу актісі

Қайта ұйымдастыруға байланысты "Алматы қаласы Экономика басқармасы" және "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің барлық

мүліктік құқықтары мен міндеттері "Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне өтеді.

1. "Алматы қаласы Экономика басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгерімінде:

- Активтер – 7 718, 9 мың теңге.
- Негізгі құралдар – 5 627,4 мың теңге;
- Қорлар - 2 091,5 мың теңге;
- Материалдық емес активтер – 5 210,6 мың теңге;
- Ақша қаражаты - 1 658 945,1 мың теңге.
- Пассивтер:
- Дебиторлық берешек - 0 теңге;
- Кредиторлық берешек - 3 965,9 мың теңге;
- Басқа қысқа мерзімді активтер - 0,0 теңге.

"Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балансында:

- Активтер - 41 309, 9 мың теңге:
- Негізгі қаражат - 35 362,7 мың теңге;
- Қорлар - 5 797,3 мың теңге;
- Материалдық емес активтер - 4 250,8 мың теңге;
- Ақшалай қаражат - 25 517 725,7 мың теңге.
- Пассивтер:
- Дебиторлық берешек - 9 095,6 мың теңге;
- Кредиторлық берешек - 1 322,0 мың теңге;
- Басқа қысқа мерзімді активтер - 149,9 мың теңге.

"Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балансына жедел басқару құқығындағы келесі мүлік ауысады:

- Активтер - 49 028,8 мың теңге:
- Негізгі қаражат - 40 990,1 мың теңге;
- Қорлар - 7 888,8 мың теңге;
- Материалдық емес активтер - 9 461,4 мың теңге;
- Ақшалай қаражат - 27 176 670,8 мың теңге.
- Пассивтер:
- Дебиторлық берешек - 9 095,6 мың теңге;
- Кредиторлық берешек - 5 287,9 мың теңге;
- Басқа қысқа мерзімді активтер - 149,9 мың теңге.

2. "Алматы қаласы Экономика басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу туралы барлық шарттары бойынша 1 449 784,1 мың теңге сомасындағы міндеттемелер "Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне өтеді.

"Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу туралы барлық шарттары бойынша 49 513,6 мың теңге сомасындағы міндеттемелер "Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне өтеді.

3. "Алматы қаласын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті 100% мөлшерінде "Алматы қаласы Экономика басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен "Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне беріледі.

4. "Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі тараптар даулайтын міндеттемелерді қоса алғанда, оның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық міндеттемелер бойынша "Алматы қаласы Экономика басқармасы", "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің құқықтық мирасқоры болып табылады. Мүлік (құқықтар мен міндеттер) мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құқық мирасқорына өтеді.

Тапсырды: Алматы қаласы Қаржы басқармасының басшысы Қ. Сухамбеков		Тапсырды: Алматы қаласы Экономика басқармасы басшысының м.у.а. А. Савазиева		Қабылдады: Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасы басшысының м.у.а. Е. Әмірғалиев
--	--	--	--	--

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы "___" _____
№ _____ қаулысына
3 қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі

1) "Алматы қаласы Стратегия және бюджет басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2022 жылғы 1 маусымдағы № 2/246 қаулысы;

2) "Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Стратегия және бюджет басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2022 жылғы 1 маусымдағы №2/246 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 7 желтоқсандағы № 4/650 № 4/650 қаулысы;

3) "Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 2/279 қаулысының 1 тармағының 14) тармақшасы.

